

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.4. - Б.108-111

ҚАЗАҚСТАН КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Амиркулова Г.

Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың соңғы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты соңғы жолдауында айтылғандай: «Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек. Бұл индустриялар қазірдің өзінде дамыған елдердің экономикаларының құрылымын өзгертіп, дәстүрлі салаларға жаңа сапа дарытты» [1].

Осыған сәйкес, ХХІ ғасыр білімнің, ақпараттың жаңа технологияның өрістеу ғасыры. Білімнің, ғылымның бәсекеге қабілеттілігі бұл күнде көптеген мемлекеттер үшін көкейкесті мәселе болып отыр. Қазіргі таңда кез келген елдің экономикасының дамуы, халықтың рухани және материалдық игіліктерінің артуы, ең алдымен, сол елдің ғылымы мен білімінің, өндірістің инновациялық дамуына байланысты. Дамыған елдерде инновациялық (ноу-хау) өнімдер мен технологиялар ЖІӨ өсімінің 70-85% беріп отыр. Инновациялық сфераның белгілі дәрежеде ұйымдастырылмауы Қазақстанның 30 дамыған елдер қатарына қосылуға кедергі болуы мүмкін.


Индустриалды-инновациялық даму – Қазақстанды қазіргі дағдарыстың дауылынан мейлінше аз шығынмен алып шығатын жол. Біз жаңа технологияларды игеріп, инновациялық өсуді қолдаған жағдайда ғана дағдарыстың зардаптарынан тезірек құтыламыз [2].

Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып экономикалық дамуды басқарудың принципті жаңа жүйесі – Ұлттық Индустриалды-инновациялық Жүйені (ҰИЖ) құрылуы болып табылады және негізгі төрт элементтен тұрады. Бұл ғылыми потенциал, индустриалды-инновациялық кәсіпорын, қаржылық және индустриалды-инновациялық инфрақұрылым.

Бұл жүйеде технопарктер маңызды орындардың бірін иемденеді, өйткені олар тиімді ортаны жасауға бағытталған, яғни, ірі кәсіпорын болсын немесе жекеленген ғалым болсын қазіргі заманғы ғылыми талдауларды жүзеге асыруға толық мүмкіндігі болады. Қазіргі таңда ғылымды қаржыландыру көлемі 7 есеге өскенімен, 2015 жылғы қаржыландыру 2012 жылмен салыстырғанда төменгі деңгейде және ЖІӨ-нің 0,26% құрайды. Қазақстанның стратегиялық жоспарында 2017 жылы ғылымға жұмсалатын


шығындар көлемін ЖІӨ-нің 2% дейін көтеру көзделген. Соңғы төрт жылда қолданбалы зерттеулерді қаржыландыру көлемі (76 %) өсіп, ал негізгі ғылым зерттеулерін қаржыландыру көлемі (21 %) кемігенін байқауға болады (1 сурет).

Ғылымға бюджеттік қаражаттың бөліну қатынасы



1 – сурет. Ғылымға бюджеттік қаражаттың 2015 жылы бөліну қатынасы

Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттік мәліметтері бойынша 2015 жылы инновация саласында кәсіпорындардың жалпы индустриалды-инновациялық белсенділігі 3,4%-ды құрады және жоғарғы белсенділік ірі өндірістік кәсіпорындарда байқалған. Олардың ішінде 31% жаңа енгізімдерді өндірісте қолданады.



2 – сурет. Экономикалық өсімді ынталандыру механизмінің моделі.

Кәсіпорындардың экономикалық тұрақты өсуге төмен қабілеттілігі көбінесе ынталандыру шараларының жетіспеушілігінен және инновацияларды қабылдаудың төмен деңгейімен анықталады. (2 сурет). Қазіргі уақытта сұраныс заманауи технологияларды қолдануға бағытталмаған. Барлық инновациялық жүйелердің ерекшелігі шағын инновациялық бизнестің әлсіз дамуы, ірі ғылыми сыйымды корпорациялардың аз көлемінде зерттеулер мен қайта жасауларда мемлекеттік сектордың жоғары үлесінің болуы болып табылады. Нәтижесінде ғылыми-техникалық шешімдердің жинақталған әлеуеті сұранысқа ие емес, ғылыми институттар мен ғалымдар қосымша табыс алуда мүмкіндіктері шектелген және тек мемлекеттік қаржыландыруға сүйенеді. Дегенмен, еліміздің кәсіпорын экономикасын дамытуда пайдаланбаған мүмкіншіліктері мен кемшіліктері келесідей деп айтуға болады:

- республикада мол табиғи ресурстардың болуы;
- университеттер, академиялық институттар мен басқа да ғылыми мекемелердің дамыған желісі;
- инновация саласындағы белсенді мемлекеттік қолдау саясаты;
- шикізат ресурстарына қолы жетімсіз бизнес-элитаның күшеюі.
- университеттер айналасында «инновациялық белдеулерді» қалыптастыру;
 - жергілікті кәсіпкерлердің іскерлік белсенділігін ынталандыру;
 - жоғары технологиялық салаларға қаржылық және менеджерлік ресурстардың ағымы мен қызығушылығының жоғарылауы.
 - әлсіз инновациялық тәуекел-менеджменттегі, маркетингтегі жоғары тәуекел деңгейі;
 - инновациялық қызметпен айналысатын мамандардың төмен үлес салмағы;
 - шағын венчурлық бизнестің дамымағандығы;
 - отандық өндірушілердің төмен инновациялық қабылдағыштығы;
 - отандық ғылыми жасаулардың төмен бәсекеге қабілеттілігі мен шетелдік ескі технологиялар мен жабдықтарды сатып алуы.
 - шектеулі қаржылық және материалдық мүмкіндіктер.

Бүкіл әлемде инновациялық даму кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілікті тұрақты түрде ұстап тұру мен жоғарылату қажеттілігімен байланысты. Сонымен бірге инновацияларды қолдану кәсіпорындарға нарықта тиімді бәсекеге түсуге, жаңа тұтынушыларды тартуға, қаржылық нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілік деңгейі едәуір көлемде кәсіпорынның технологиялық деңгейіне тәуелді.

Инновациялық дамуда маңызды орынды шағын бизнес алуы қажет. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей шағын инновациялық бизнес өте жылдам өседі және салыстырмалы аз инвестицияларды қажет етеді. Дамыған елдерде шағын кәсіпорындар барлық инновациялардың жартысын қамтамасыз етеді. Шығынның бір бірлігіне инновациялар саны шағын фирмаларда орташа

фирмаларға қарағанда 4 есеге жоғары, ал ірілерге қарағанда 24 есеге жоғары. Қазақстанда экономикалық орта инновациялар үшін әлі де қолайсыз жағдайда қалып отыр [4].

Индустриальды-инновациялық қызметтің даму жағдайында ең басты қоғамның өндіруші күшіне айналған жоғары интеллектуалды, еңбегінің өнімділігі жоғары адамның рөлі айқындала түседі. Жоғары білікті мамандардың индустриальды-инновациялық экономикадағы рөлі өте үлкен және ол тұрақты өсуде. Сондықтан индустриальды-инновациялық процестерді тиімді басқаратын, индустриальды-инновациялық жобаларды құрып және енгізетін кадрларды даярлауға аса назар аудару керек және де келесідей мәселелерді шешуге қажет етеді:

1. Мемлекеттік мекемелердің қызметін индустриялық-индустриальды-инновациялық дамудың мақсаттарына сәйкес қайта құру. Бұл – білім, ғылым, қаржы фискальдық және тарифтік саясатты жетілдіруді қажет етеді;

2. Отандық өнімдердің халықаралық рыноктарда бәсекеқабілеттілігін арттыру үшін әлемдік стандарттар мен сертификаттарға көшу;

3. индустриальды-инновациялық қызметке мемлекеттік қолдау көрсету, шағын индустриальды-инновациялық бизнесті ынталандыру;

- Капитал мен кепілдікке ұзақ мерзімдік тәуекелдікті қамтамасыз ететін мемлекеттік қаржылық құралдардың бірыңғай жүйесін құру.

- Индустриальды-инновациялық бизнестің бастапқы капиталын қамтамасыз ететін арнайы инвестициялық компания құру.

- Жоғары технологиялық компаниялар қорлары және жаңа технологиялар үшін венчурлық капитал қорларын құру.

- Жаңа кәсіпорындарды бастапқы қаржыландыру үшін қаржылық құрылымдарды және технопарктер мен бизнес-инкубаторлар үшін бастапқы қаржыландырудың құралдарын құру.

- Шағын және орта кәсіпорындар несиелерге қол жетімді болуына жағдай жасауға кепілдіктердің келісімді жүйесін әзірлеу.

Әрине дамыған елдер қатарына қосылу үшін сол елдердің даму жолын зерттеп, олардың ұлттық экономикамызға тиімді жақтарын ала білуіміз қажет. Біздің елімізге әсіресе Оңтүстік Азияның бірнеше жаңа индустриялы елдерінің осы бағыттағы саясатының сәйкестігі мол. Еліміздің алдағы кезеңде тиімді реформалар жүргізу арқылы және индустриялы-инновациялы саясатты іске асырып тұрақты экономикалық өсу арқылы әлем таныған, алдыңғы қатарлы дамыған 50 елдер қатарына кіруіне толық мүмкіндігі бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 31 қаңтар 2017 жыл.

2. Ниязбекова Р.Қ. «Кәсіпорын экономикасы». Алматы – 2008 ж.

3. Labor Factor Efficiency in the Agricultural Industry. International journal of environmental & Science education, 2016, Vol. 11, NO. 17. Scopus, 0,326, page 9679-9690.

Ғылыми жетекші: Анафияева Ж., э.ғ.д., профессор